

**Жалпыұлттық социал-демократиялық партия»
Республикалық қоғамдық бірлестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия» Республикалық қоғамдық бірлестігі (әрі қарай мәтін бойынша – партия) Қазақстан Республикасының азаматтары тобының бастамасымен 2006 ж. 10-қыркүйегінде құрылды.

1.2. Партияның мемлекеттік тілдегі атауы:

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия» Республикалық қоғамдық бірлестігі»

Партияның ресми тілдегі атауы:

«Республиканское общественное объединение «Общенациональная социал-демократическая партия.

Қысқаша атауы – «ЖСДП», «ОСДП».

1.3. Партия мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқарудың органдарына азаматтардың, әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіру және оларды қалыптастыруға қатысу мақсатындағы саяси еркін білдіретін, Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі.

1.4. Партия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің басшы органдары Қазақстан Республикасының аумағында болады және әрекет етеді.

1.5. Партия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңына, және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Партияның Жарғысы мен бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

1.6. Партия заңды тұлға болып табылады, азаматтық айналымда Партия органдары арқылы ұсынылады, оның құқықтық қабілеттілігі мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап пайда болады.

1.7. Партияның дербес балансы, банктерде есептік және басқа да шоттары, мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі бар.

1.8. Партияның орталық аппаратының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, пошталық бөлім индексі: 010000, Нур-Султан қаласы, Сарыарқа ауданы, Жангелды көшесі, № 19 үй, 33 кеңсе.

II. ПАРТИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Партия қызметі еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық принциптеріне негізделеді. Партия қолданыстағы заңнамамен белгіленген шектеулерді қоспағанда, ішкі құрылымын, мақсаттарын, қызметінің нысандары мен әдістерін еркін түрде анықтайды.

2.2. Бағдарлама мен осы Жарғыда көзделген мақсаттары мен міндеттерін іске асыру Партия қызметінің мәселелері болып табылады.

2.3. Партияның мақсаттары:

- бүкіл қоғамның басты мақсатын – азаматқа лайықты өмір сүруді қамтамасыз ету, ол үшін талап етілетін жағдайларды жасауға қабілетті күшті мемлекетті құруды заңнамалық жағынан бекіту арқылы тиімді мемлекеттіліктің қажетті негізі ретінде Қазақстан халқын біріктіру;

- бүкіл қоғамды біріктіру тәсілі ретінде әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін келістіру үшін келіссөз үдерістерінің тұрақты жұмыс істейтін тетігін жасау;

- жеке адамның саналы азаматтық ұстанымының қалыптасуына негіз болатын ұлттық сана-сезімінің өсуіне дем беру;

- қоғамның барлық жіктері мен топтарының өзара әлеуметтік және заңдық жауапкершілігінің жүйесін қалыптастыру;

- тікелей халық билігінің шынайы тетіктерін қайта өркендету және қолдау, оның өкілді нысандарын дамыту және жетілдіру;

- Қазақстандық отансүйгіштік идеясын нақты мазмұнымен және уәжбен толықтыру;

2.4. Партияның міндеттері:

- азаматтардың саяси ерік-жігерін қалыптастыруға ықпал ету және Қазақстан Республикасында шынайы демократияны қамтамасыз ету арқылы қоғамның саяси өміріне қатысу;

- азаматтарға саяси білім мен тәрбие беру, қоғамдық пікір қалыптастыру, Партияның Бағдарламасы мен басқа құжаттарының ережелерін, сондай-ақ Партияның түрлі мәселелері бойынша ұстанымын халыққа түсіндіру;

- Партия мүшелерінің қоғамдық өмірдің түрлі мәселелері бойынша пікірлерін білдіру, осы пікірлерді қалың жұртшылықтың, мемлекеттік билік органдары мен өзін-өзі басқару органдарының назарына жеткізуді ұйымдастыру;

- мүдделерді келістірудің жалпыұлттық жүйесін қалыптастыру қажеттілігін насихаттау және үгіттеу;

- түрлі аймақтық және Республикалық қоғамдық ұйымдарды Партияның ұсынатын мақсаттары мен бастамаларының төңірегіне топтастыру үдерісіне жәрдемдесу;

- Партияның басты мақсаттарына жетудің шарттары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін экономикалық тетіктері мен процедураларын әзірлеу және ұсыну;

- елдің болашағының мүддесіне сай «адами капиталды» қалыптастыру мен тиімді қолданудың тетігін анықтайтын заңнамалық негіздің қабылдануы мен іске асырылуына жәрдемдесу;

- Депутаттыққа және мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы өзге де сайланбалы лауазымдарға кандидаттарды (кандидаттардың тізімдерін) ұсыну, аталған органдарды сайлауға және олардың жұмысына қатысу;

- мемлекеттік биліктің заң шығарушы (өкілді) органдарындағы және жергілікті өзін-өзі басқару өкілдік органдарындағы партия фракцияларының, депутаттық топтары мен депутаттарының Партияның мақсаттарын іске асыру бағытында әрекеттерін үйлестіру;

2.5. Партияның бағдарламалық және жарғылық мақсаттарына жету үшін Съездің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының басқа да саяси партияларымен және қоғамдық бірлестіктерімен ерікті негізде қауымдастықтарға (одақтарға), сайлау блоктарына біріге алады.

III. ПАРТИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Партия Жарғы және Бағдарламамен айқындалған мақсаттар мен міндеттерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асыру үшін:

өзінің қызметі туралы ақпарат таратуға және өз мақсаттары мен міндеттерін насихаттауға; ерікті негізде қауымдастықтарға (одақтарға), сайлау блоктарына бірігуге;

Қазақстан Республикасы Президентігіне, Республика Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ұсынуға; мәслихаттардағы өз өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттар жөнінде ұсыныс жасауға;

өзінің бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;

жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер, пикеттер өткізуге;

«Саяси партиялар туралы» Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3.2. Партия:

Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңнамасының талаптарын сақтауға;

әрбір азаматтың өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

тұрақты жұмыс істейтін органның орналасқан жері және оның басшылары туралы деректердің өзгергені туралы бірыңғай мемлекеттік тіркелімге енгізілетін мәліметтер көлемінде заңды тұлғаларды тіркеуші органға ақпарат беруге;

салық органдарына өзінің қаржылық қызметі туралы есебін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімдер мен көлемде табыс етуге міндетті.

IV. ПАРТИЯҒА МҮШЕ БОЛУ

4.1. Партияға мүшелік ерікті, жеке және тіркелетін тәртіпте болады.

4.2. Қазақстан Республикасының жасы он сегізге толған, Партияның Жарғысы мен бағдарламалық құжаттарының талаптарын орындайтын, Партияның алдында тұрған міндеттерін іске асыруға белсенді түрде қатысатын, Партияның мүшелік жарналарын дер кезінде төлеп отыратын азаматы Партия мүшесі бола алады.

4.3. Партияға мүше болу басқа партияларға мүше болумен сыйыспайды.

4.4. Партияға қабылдау азаматтың жазбаша өтінішінің негізінде бастауыш партия ұйымының жиналысында шешіледі.

4.5. Партияға мүшелік нысанын партияның Саяси кеңесінің Төралқасы бекітетін тиісті құжатпен расталады.

4.6. Партияға мүшелікті тоқтатуға:

- қайтыс болу;
- партиядан шығу;
- жарғылық талаптарды бұзғаны үшін партиядан шығарылу;
- басқа партияға кіру негіз болады.

4.7. Партияға мүшелікті тоқтату немесе партиядан шығарылу туралы шешімді бастауыш партия ұйымының жиналысы, аумақтық партия ұйымының конференциясы, Саяси кеңес, Съезд қабылдайды.

4.8. Партияға мүшелікті тоқтату оның сайланбалы органдарында мүшелікті өздігінен тоқтатуды білдіреді.

V. ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ

5.1. Партия мүшелерін есепке алу нысанын партияның Саяси кеңесінің Төралқасы бекітетін Партия мүшелерінің есеп карточкасының және тізімінің негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Партия мүшелерін есепке алу:

- бастауыш Партия ұйымында – Партия мүшелерінің тізімі бойынша;
- аумақтық Партия ұйымдарында (өкілдіктерінде) - есеп карточкалары бойынша;

5.3. Партияның орталық аппаратында аумақтық партия ұйымдарының (филиалдарының) тоқсандық есептерінің негізінде партияның құрамы туралы есеп құрастырылады.

5.4. Партия мүшелерін есепке алудың жағдайы, ұсынылатын деректердің нақтылығы үшін жауапкершілік бастауыш партия ұйымдарының төрағаларына, аумақтық партия ұйымдарының төрағаларына жүктеледі

VI. ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Партия мүшесі:

- партияның және партия ұйымдарының бағдарламалық және өзге де құжаттарын әзірлеуге қатысуға;
- партияның және партия ұйымдарының жоғары, басшы және бақылау-тексеру органдарын сайлауға және оларға сайлануға.
- өз пікірін еркін білдіруге, партия қызметінің мәселелерін талқылауға, ауызша және жазбаша нысанда ұсыныстар енгізуге, Партияның кез келген органын, партияның кез келген мүшесін сынауға;
- партия ұйымының қорғауы мен қолдауын пайдалануға;
- партияның кез келген органына өзін қызықтыратын мәселелер бойынша жүгінуге және мәніне сай жауап алуға;
- партия мен оның сайланбалы органдарының қызметі туралы ақпарат алуға;
- партия органдарына сайланған партия мүшелерін қайта сайлау туралы, заңнамаға сәйкес партия тізімі бойынша сайланған депутаттарды кері шақыру немесе ротациялау туралы негізделген ұсыныстар енгізуге;
- партияға жаңа мүшелерді тарту жұмысын жүргізуге;
- уәжді өтінішке сәйкес партия қатарынан шығуға немесе онда өз қызметін тоқтата тұруға құқылы;

6.2. Партия мүшесі:

- осы Жарғының талаптарын сақтауға;
- партияның Жарғылық және Бағдарламалық мақсаттарын, сайлау алды тұғырнамаларын түсіндіруге және қорғауға;
- партия органдарының шешімдерін орындауға, бұл ретте мемлекеттік қызметшілер өздерінің лауазымдық міндеттерін атқара отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын басшылыққа алады және партия оның органдарының шешімдеріне тәуелді емес;
- әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыруға, партия ұйымының жұмысына қатысуға, жеке әрекеттері және істерімен партияға қатыстылығын дәлелдеуге және халық арасында оның беделі мен ықпалының өсуіне қол жеткізуге;
- өз Отанының патриоты болуға, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға, ұлттық мәдени-тарихи мұраны сақтау жолында қамқорлық танытуға, жастарды тәрбиелеуге өз үлесін қосуға;
- мүмкіндігінше партияға қаржылық және басқалай көмек көрсетуге міндетті.

VII. ПАРТИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

7.1. Партияның ұйымдық құрылымы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

7.2. Партияның өзінің құрылымдық бөлімшелері - филиалдары, өкілдіктері және бастауыш партия ұйымдары болады.

7.3. Партияның филиалдары барлық облыстарда, республикалық маңызы бар қалада және астанада олардың әрқайсысында партия мүшелерінің саны кемінде алты жүз болғанда құрылады.

7.4. Партияның өкілдіктері республикалық маңызы бар қалаларда және аудандарда құрылуы мүмкін.

7.5. Партияның филиалдары мен өкілдіктері аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өтеді.

7.6. Партияның ұйымдық негізін партияның кемінде үш мүшесі бар кезде құрылатын бастауыш партия ұйымы құрайды. Бастауыш партия ұйымдары мемлекеттік органдарды және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қоспағанда, меншіктің түрлі ұйымдық-құқықтық нысанындағы ұйымдарда партия мүшелерінің тұратын жерінде құрылады.

7.7. Партияның мүшелерінің саны 50 –ден асатын бастауыш партия ұйымында жиналыстың шешімімен атқарушы орган - бастауыш партия ұйымының бюросы сайлануы мүмкін.

7.8. Бастауыш партия ұйымдары тиісті аумақтық партия ұйымына бірігеді.

7.9. Аумақтық және бастауыш партия ұйымдары заңды тұлғалар болып табылмайды, Партияның Саяси кеңесі бекітетін ережелердің негізінде жұмыс істейді және өз қызметінде Партияның Жарғысын және Бағдарламалық құжаттарын, жоғарғы партия органдарының шешімдерін басшылыққа алады.

7.10. Партияның құрылымдық бөлімшелері жоғағы тұрған партия органдарының шешімдерін іске асыру кезінде алға қойылған міндеттерге жетудің жолдарын дербес анықтайды.

VIII. ПАРТИЯНЫҢ, ОНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІНІҢ ОРГАНДАРЫ

8.1. Партияның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің органдары болып табылатындар:

- Жоғарғы басшы органдары,
- Басшы органдары,
- Тұрақты жұмыс істейтін басшы органдары,
- Атқарушы органдары,
- Бақылау-тексеру органдары.

8.2. Партияның органдары орталық, аумақтық және бастауыш органдар бола алады.

8.3. Партияның Жоғарғы басшы органы:

- Партияның съезі.
- Партияның аумақтық ұйымдарының жоғарғы басшы органы:

- Конференция.
 - Партияның бастауыш ұйымының жоғары басшы органы:
- Жиналыс.
- 8.4. Партияның съездер арасындағы басшы органы:**
 - Партияның саяси кеңесі;
 - Партияның аумақтық ұйымдарының конференциялары аралығындағы басшы органы:
 - Партияның филиалының, өкілдігінің кеңесі:
 - Партияның бастауыш ұйымының басшы органы:
 - Партияның бастауыш ұйымының бюросы (төрағасы).
- 8.5. Партияның тұрақты жұмыс істейтін атқарушы органы:**
 - Партияның саяси кеңесінің Төралқасы.
 - Партияның аумақтық ұйымының тұрақты жұмыс істейтін атқарушы органы:
 - Партияның филиалының, өкілдігінің кеңесінің Төралқасы.
 - Партияның бастауыш ұйымының тұрақты жұмыс істейтін атқарушы органы:
 - Партияның бастауыш ұйымының Төрағасы.
- 8.6. Партияның атқарушы органдары:**
 - Партияның орталық аппараты.
 - Партияның филиалының, өкілдігінің аппараты;
 - Партияның бастауыш ұйымының бюросы (төрағасы).
- 8.7. Партияның бақылау-тексеру органдары:**
 - Орталық бақылау-тексеру комиссиясы – партияның жоғары бақылау органы.
 - тиісті аумақтық партия ұйымының бақылау-тексеру комиссиясы.

ІХ. ПАРТИЯНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ БАСШЫ ОРГАНДАРЫН САЙЛАУ ТӘРТІБІ, ӨКІЛЕТТІКТЕРІНІҢ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ҚҰЗЫРЕТІ

- 9.1. Партияның және партия ұйымдарының жоғарғы және басшы органдары қажеттілігіне қарай, бірақ кем дегенде:**
- Партия Съезі - төрт жылда бір рет;
 - Партияның Саяси кеңесі – жылына бір рет;
 - Партияның аумақтық ұйымының конференциясы– 2 жылда бір рет;
 - Партияның аумақтық ұйымының кеңесі - жылына бір рет;
 - Жиналыс – тоқсанына бір рет шақырылады.
- 9.2. Партия органдары өкілеттіктерінің мерзімдері:**
- Партияның Саяси кеңесі мен оның Төралқасы, Орталық бақылау-тексеру комиссиясының – 4 жыл;
 - Партияның филиалы, өкілдігінің кеңесі, партияның аумақтық ұйымының бюросы мен бақылау-тексеру комиссиясының – 2 жыл;
 - Партияның бастауыш ұйымының Төрағаларының (бюросының) – 2 жыл.
- 9.3. Партияның және партия ұйымдарының жоғары және басшы органдары:**
- Партия Съезі - Партияның Саяси кеңесінің немесе Партия Төрағасының шешімімен;
 - Партияның Саяси кеңесін - Партияның Төрағасының, Саяси кеңесінің Төралқасының шешімімен;
 - Партияның аумақтық ұйымының конференциясын – тиісті кеңестің шешімімен;
 - Партияның аумақтық ұйымының кеңесін – Партияның филиалы, өкілдігі төрағасының бастамасымен;
 - Жиналысты - бастауыш партия ұйымы Төрағасының (бюросының) шешімімен шақырады.
- 9.4. Партияның мен партия ұйымдарының органдары:**
- Партия Съезінің отырыстарына – кем дегенде делегаттардың үштен екісі;
 - Партияның аумақтық ұйымының конференциясының отырыстарына – кем дегенде делегаттардың үштен екісі;

- Партияның Саяси кеңесі мен Төралқасының, партияның аумақтық кеңестері мен төралқаларының, бастауыш партия ұйымдары бюроларының, тиісті бақылау-тексеру комиссияларының, партия жиналыстарының отырыстарына – мүшелерінің жартысынан көбі қатысқанда құқықтық өкілеттікке ие деп есептеледі.

Дауыс беру нысанын Съезд, конференция, Саяси кеңес, жиналыс анықтайды.

9.5. Партия съезінің делегаттары;

- партия аумақтық ұйымының конференциясында;
- партияның аумақтық ұйымы конференциясының делегаттары;
- бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында сайланады;

9.6. Партияның съезінің шешімдері оған оның барлық облыстық, республикалық маңызы бар қалалық және астаналық филиалдары мен өкілдіктерінің өкілдерінің қатысуымен дауыстарының көпшілігімен қабылданады.

Партия филиал және өкілдіктерінің конференциясының, партия жиналыстарының және бастауыш ұйымдарының шешімдері қатынасқан делегаттар дауыстарының көпшілігімен қабылданады.

Партияның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің басшы, атқарушы, бақылау-тексеру органдарының шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады. Онлайн дауыс беру рұқсат етіледі.

9.7. Партияның аумақтық және бастауыш ұйымдарының жоғары, басшы және атқарушы органдарының шешімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасына, партияның Жарғысы мен оның бағдарламалық құжаттарына, Съезд, Саяси кеңес пен оның Төралқасының шешімдеріне қайшы келсе, партияның Саяси кеңесі жоя алады.

9.8. Партия съезінің партия қызметінің барлық мәселелерін шешуге құқықтық өкілеттігі бар.

Партия Съезінің айрықша құзыретіне төмендегілер жатады:

- Партия Жарғысын, оның бағдарламалық құжаттарын қабылдау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- Партияның Төрағасын сайлау;
- Партияның Саяси кеңесі мен Орталық бақылау-тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау;
- Партияның Төрағасын атқаратын лауазымынан босату;
- заңнамаға сәйкес партия мүшелерін Қазақстан Республикасының Президенттігіне; Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттар ретінде ұсыну.
- Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына тапсырылатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімін бекіту;
- Бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партияның ұсынған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттарын заңнамамен көзделген негіздермен және тәртіппен кері шақыру немесе ротациялау;
- Партияның Саяси кеңесінің партия съездері арасындағы жұмысы туралы есебін тыңдау;
- Орталық бақылау-тексеру комиссиясының съездері арасындағы партияның қаржылық-шаруашылық жұмысы туралы есебін тыңдау;
- Атқарушы органдардың қаржылық есептемесін ұсынуының тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау-тексеру органының тексеру жүргізуі мен оның нәтижелерін бекітудің тәртібін анықтау;
- заңнамалық актілермен белгіленген шектерде партияның басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерін құруына немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- партияны ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдау;
- партияның мүшелік жарналарының мөлшерін бекіту.

9.9. Партияны аумақтық ұйымының конференциясы:

- партияның аумақтық ұйымы қызметінің осы Жарғымен партияның өзге органдарының құзыретіне жатқызылғаннан басқа барлық мәселелерін шешеді:

- партияның аумақтық ұйымының кеңесі мен бақылау-тексеру комиссиясының мүшелерін сайлайды;
 - партия Төрағасының ұсынысы бойынша Партия филиалының, өкілдігінің төрағасын сайлайды және атқаратын лауазымынан босатады;
 - қажет кезінде партияның филиалы, өкілдігінің кеңесінің мүшелерін құрамнан шығарады;
 - Партияның Саяси кеңесіне Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидатты, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына кандидаттарды заңнамаға сәйкес ұсынады;
 - қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік мәслихаттар депутаттығына үміткерлер тізімін ұсынады және бекітеді;
 - партиялық тізімнен мәслихаттар депутаттығына үміткерлерді алып тастау туралы тиісті әкімшілік бірлік шешім қабылдайды;
- партияның аумақтық ұйымының конференциясы партияның филиалы, өкілдігінің тиісті кеңесіне кейбір өкілеттіктерді беруге құқылы.

9.10. Бастауыш партия ұйымының жиналысы:

- партияның жоғарғы органдарының шешімдерін талқылайды және оларды орындау бойынша шаралар қолданады;
- партия ұйымы қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды және оның алдында тұрған міндеттерін орындау бойынша шешімдер қабылдайды;
- қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және азаматтардың заңдық мүдделерін қозғайтын басқа да мәселелерін талқылайды және партияның жоғарғы органдарына олар бойынша ұсыныстар енгізеді;
- партия мүшелерін Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидатты, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттарының депутаттығына мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына кандидаттарды заңнамаға сәйкес ұсыну үшін партияның аумақтық ұйымдарына ұсынады;
- партияның бастауыш ұйымының төрағасын және оның орынбасарын, қажет кезінде - Партияның бастауыш ұйымының бюросын сайлайды;
- партияға қабылдау және одан шығару туралы шешімдер қабылдайды;

9.11. Партияның Төрағасы – партияның жоғарғы басшы тұлғасы;

- партия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- партияның Съезін ашады және онда төрағалық етеді;
- партияның Саяси кеңесінің жұмысына жетекшілік етеді және басқарады, оның отырысында төрағалық етеді;
- Мынадай ұсыныстар енгізуге құқылы:
 - Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидатты, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну бойынша;
 - Партияның Саяси кеңесінің, оның Төралқасының және Орталық бақылау-тексеру комиссиясының құрамына, филиалдар мен өкілдіктердің төрағаларының лауазымдарына кандидаттар бойынша.
- партияның Саяси кеңесінің бекітуіне партия мүшелерінің қатарынан өзінің орынбасарларының саны мен кандидатуралары және оларды лауазымынан босату туралы мәселені ұсынады, олардың өкілеттіктері мен лауазымдық міндеттерін белгілейді;
- партияның Саяси кеңесінің бекітуіне партия мүшелерінің қатарынан орталық аппарат жетекшілігіне кандидатты, сондай-ақ оны атқаратын лауазымынан босату туралы мәселені ұсынады, оның өкілеттіктері мен лауазымдық міндеттерін белгілейді;
- Қазақстан Республикасы Парламентіндегі партияның депутаттық фракциясының жұмысын үйлестіреді;
- партияның қоғамдағы беделі мен ықпалының өсуін қамтамасыз ету, партия қатары мен ішкіпартиялық тәртіпті нығайту, партияның кадр саясатын жетілдіру бойынша шаралар қолданады, аумақтық партия конференциясына, әдетте, Партия басшылық құрамының кадрлық резервінің қатарынан филиалдың және өкілдіктің Төрағасы кандидатураларын сайлау үшін ұсыныстар енгізеді;

- филиалдың және өкілдіктің Төрағасын өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны және жарты талаптарын бұзғаны үшін аумақтық партиялық конференция өткізілгенге дейін қызметінен уақытша шеттетеді;
- аумақтық партиялық конференция өткізілгенге дейін филиал және өкілдік Төрағасының міндеттерін уақытша атқарушыны тағайындайды;
- Партияның аумақтық ұйымдары жетекшілерінің хабарларын тыңдайды, қажет кезінде осы Жарғыға сәйкес партия ұйымдарында олардың атқаратын лауазымдарына сай келетені-келмейтіні туралы мәселені шешеді. Аумақтық партия конференциясына, әдетте, Партияның басшылық құрамының кадрлық резервінің қатарынан филиалдың және өкілдіктің Төрағасы кандидатураларын сайлау үшін ұсыныстар енгізеді:
- филиалдың және өкілдіктің Төрағасын өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны және жарғы талаптарын бұзғаны үшін аумақтық партиялық конференция өткізілгенге дейін қызметінен уақытша шеттетеді;
- аумақтық партиялық конференция өткізілгенге дейін филиал және өкілдік Төрағасының міндеттерін уақытша атқарушыны тағайындайды;
- партия ұйымдарының құрылымын жетілдіру бойынша шешімдер қабылдайды;
- партияның атынан сенімхатсыз сөз сөйлейді және оны үшінші тұлғалармен, соның ішінде мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және елдің ішіндегі, сондай-ақ шет елдердегі басқа партиялармен қатынаста оның мүддесін білдіреді;
- партия органдарының лауазымды тұлғаларына үшінші тұлғалармен қатынаста, соның ішінде сот және өзге де органдарда партияның мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар береді;
- Партияның Съезі, Саяси кеңесі қабылдаған қаулыларына, мәлімдемелері мен үндеулеріне қол қояды;
- Партия Съезінің айрықша құзыретіне жатпайтын партия қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдай алады, қаулылар, өкімдер шығарады, қаржылық және өзге де құжаттарға қол қояды, заңнамаға сәйкес партия органдарының қызметкерлерін қабылдау және шығару құқығына ие болады;
- Съезде қарағанша Партия органдарының, Саяси кеңесінің, және оның Төралқасының шешімдерін уақытша тоқтатады. Қолданыстағы заңнама мен партияның Жарғысымен белгіленген өзге де құқықтары бар;
- Партия Төрағасының өкілеттік мерзімі – 4 жыл;
- Партияның кезекті және кезектен тыс съездеріне делегаттардың өкілдік нормасын анықтайды;

9.12. Партияның Саяси кеңесі:

- партия съезінің шешімдерін орындау бойынша партия ұйымдарының қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды, партия съездерінің аралығында партияның құрылымдық бөлімшелеріне басшылықты жүзеге асырады;
- партияның сайлау науқандарына қатысуына байланысты мәселелерді қарайды;
- Қазақстан Республикасы Парламентіндегі партияның депутаттық фракциясына кіретін партия мүшелерінің мақсаттары мен міндеттерін, партиялық жауапкершілік дәрежесін айқындайды, олардың хабарларын тыңдайды және фракция мүшелерінің рөлін күшейту мен депутаттық өкілеттіктерін атқару кезіндегі жауапкершілігін арттыру бойынша шараларды әзірлейді;
- партияның атынан Саяси мәлімдемелер мен үндеулерді қарайды;
- партияның ұстанымын айқындайды және республикада қалыптасқан қоғамдық- саяси ахуалдар бойынша шаралар қабылдайды;
- партия Төрағасының ұсынуы бойынша өзінің құрамынан Саяси кеңес Төралқасының мүшелерін, Төрағаның орынбасарларын, орталық аппарат жетекшісін сайлайды;
- партияның кезекті және кезектен тыс съездеріне делегаттардың өкілдік нормасын анықтайды;
- Партияның Саяси кеңесінің Төралқасының қарауына өз құзыретіне жататын кейбір мәселелерді беруге құқылы.

- Партияның кезекті съезінде өзінің құрамына кейіннен бекіту құқығымен жаңа мүшелерді қабылдауға құқылы.

9.13. Партияның филиалы мен өкілдігінің кеңесі:

- Конференциялар аралығында партия ұйымының қызметіне басшылықты жүзеге асырады;
- Съездің, партияның Саяси кеңесі, Төрағасының және партияның тиісті аумақтық ұйымының конференциясының шешімдерін жүзеге асыру бойынша мәселелерді қарайды және шаралар қолданады;
- аумақтық ұйымның төрағасының ұсынуы бойынша партияның филиалы, өкілдігінің кеңесінің төралқа мүшелерін сайлайды;
- Партияның аумақтық ұйымының жоғарғы, басшы органдарының құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелерді шешеді.

9.14. Партияның және партия ұйымдарының тұрақты жұмыс істейтін атқарушы органдары, олардың қызметіне қатысты жоғары және басшы органдары мен тиісті партия ұйымдарының құзыретіне жататынан басқа барлық мәселелерді шешуге құқықтық өкілеттігі бар.

- Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы партияның Саяси кеңесі отырыстарының аралығында партияның аумақтық ұйымының және бастауыш партия ұйымдарының жұмысын үйлестіреді, Съездің, Саяси кеңес пен партия Төралқасының шешімдерінің атқарылуын қамтамасыз етеді;
- Саяси кеңестің Төралқасы партияның атынан саяси және өзге де мәлімдемелер қабылдауға құқылы.
- Аумақтық партия ұйымдары кеңестерінің төралқалары жоғарығы партия органдарының шешімдерін жүзеге асырады қамтамасыз етеді және тиісті партия ұйымдарының кеңестері отырыстарының аралығындағы кезеңде партия ұйымдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады.
- Партияның Саяси кеңесінің, аумақтық кеңестердің төралқалары және бастауыш партия ұйымдары бюроларының отырыстары қажет кезінде, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізеді.
- Тиісті партия ұйымдарының төрағалары партияның аумақтық ұйымдарының органдарына жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- Партияның Саяси кеңесінің Төралқасы партияның басшылық құрамының кадрлық резервін бекітеді;

X. ПАРТИЯНЫҢ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ОРГАНДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

10.1. Партияның съездері, аумақтық ұйымдарының конференциялары өздерінің Бақылау-тексеру органдарын сайлайды, олардың сандық және дербес құрамын анықтайды.

10.2. Партияның орталық Бақылау-тексеру комиссиясы, партияның аумақтық ұйымдарының бақылау-тексеру комиссиялары партия ұйымдарының қаржылық және шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады және заңнамаға, партияның Жарғысына және тексеру комиссиялары туралы ережелерге сәйкес әрекет етеді.

10.3. Орталық Бақылау-тексеру комиссиясы партияның съезінің, партияның аумақтық ұйымдарының бақылау-тексеру комиссиялары тиісті партия конференцияларының алдында есеп береді.

10.4. Орталық, аумақтық Бақылау-тексеру комиссиялары өз төрағаларын және олардың орынбасарларын өз құрамынан сайлайды.

10.5. Барлық деңгейлердегі Бақылау-тексеру комиссияларының отырыстары қажет кезінде, бірақ жылына кем дегенде бір рет өткізіледі.

10.6. Партияның Орталық Бақылау-тексеру комиссиясы өз қызметін жүзеге асыру үшін тәуелсіз сарапшыларды тарта алады.

XI. ПАРТИЯНЫҢ ЖӘНЕ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АППАРАТТАРЫ

11.1. Партияның, оның аумақтық ұйымдарының төрағаларының жоғарғы, басшы және тұрақты жұмыс істейтін басшы органдарының, шешімдері мен тапсырмаларын орындауды, сондай-ақ іске асырылуына бақылауды партияның орталық аппараты мен

партия ұйымдарының тиісті аппараттары қамтамасыз етеді. Партияның Төрағасы Партия мен партия ұйымдары аппараттарының құрылымын, штаттық кестесін, еңбек ақы төлеу жүйесін анықтайды.

11.2. Партияның Орталық аппаратының қызметіне басшылықты оның жетекшісі, тиісті партия ұйымдарының аппараттарының қызметіне басшылық тиісті филиал, өкілдіктің төрағасы жүзеге асырады.

11.3. Партияның Төрағасы орталық аппараттың жетекшісіне:

- қаржылық және басқа да құжаттарына қол қою;
- тиісті бұйрықтарды шығару;
- Партия мен оның мүшелерінің, партияның органдарына, сот және өзге де орындарға жүтінген заңды және жеке тұлғалардың заңды мүдделерін білдіру мен қорғауға құқық бере алады.

11.4. Партияның аппараты қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, жұмыстан шығаруды, көтермелеуді, заңнамаға сәйкес оларға тәртіптік жазалар қолдануды олардың жетекшілері жүргізеді.

11.5. Партияның тұрақты жұмыс істейтін органдарында қызмет атқаратын адамдарға Қазақстан Республикасының еңбек, әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасы қолданылады.

XII. ПАРТИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ МЕН МЕНШІГІ

12.1. Партияның қаражаты:

- мүшелікке кіру және мүшелік жарналардан;
- заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтары мен мемлекеттік емес ұйымдарының ерікті қайырмалдықтарына;
- партияның кәсіпкерлік қызметінен түскен кірістерден құралады.

Партия өз меншігінде өз қызметін қамтамасыз етуіне қажетті ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, құрал-саймандарды, автокөлікті, өзге де оқшауланған мүлік пен объектілерді, сондай-ақ өз қаражаты есебінен құрылатын ұйымдарды иеленуге құқылы. Партияның филиалдары мен өкілдіктері партияға тиесілі мүлікке билік етуге құқылы және олардың жетекшілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның сақталуына жауапты болады.

Жалпы алғанда партия партияның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің ақшасына, мүлігіне меншік иесі болып табылады.

Партияның ақшасы мен өзге де мүлігі партияның мүшелерінің арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

Партияның мүшелері партияның міндеттемелері бойынша, ал партия өзінің мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Партияның мүшелерінің партияның мүлігіне қатысты құқықтары жоқ.

12.2. Партияның жарналар бастауыш және аумақтық партия ұйымдарының шығындарын жабу үшін қолданылады.

Партияның жарналарын партия ұйымдарының арасында бөлу мен оларды қолданудың тәртібі партияның Саяси кеңесі Төралқасының шешімімен анықталады.

12.3. Ақшаның түсуін, партияның, оның құрылымдық бөлімшелерінің оны және өзге де мүлікті қолдануын бақылау-тексеру комиссиялары тексереді. Тексеру нәтижелері қажет кезінде Партияның Саяси кеңесінің, тиісті филиалы, өкілдігі төралқасының қарауына енгізіледі.

12.4. Партия салық органдарына өзінің қаржылық қызметі туралы есепті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімдерде және көлемде ұсынады.

12.5. Партияның филиалдары белгіленген нысандағы қаржылық есепті партияның орталық аппаратына тоқсан сайын ұсынып отырады.

12.6. Партияның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің лауазымды тұлғалары партияның ақшасы мен мүлігінің аман сақталуы мен мақсатқа сай қолданылуы үшін жауапты болады.

XIII. ПАРТИЯНЫҢ РӘМІЗІ

13.1. Партияның өзінің эмблемасы, туы, партия мүшесінің омырау белгісі, және моральдық көтермелеудің басқа да атрибуттары бар.

13.2. Партияның эмблемасы партияның мөрлерінде, бланкілерінде, мүшесінің куәлігінде және басқа да атрибуттарында жасалуы міндетті болып келеді.

13.3. Эмблеманың сипаттамасы:

- бет жағы көк түспен тұтастай толтырылған, дөңгелек нысандағы қалқан;
- оның орталық бөлігінде стильдендірілген ақ түсті раушан гүлінің бейнесі;
- шеңбердің сыртқы жиегінде партияның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы көк түспен жазылған екі жазу симметриялы түрде таңбаланған.



13.4. Партияның туы - ортасында партияның эмблемасы бейнелеген ақ мата (енінің ұзындығына қатынасы – 1:2).

13.5. Партия мүшесінің омырау белгісінің партияның эмблемасы бейнелеген, диаметрі 25 мм дөңгелек пішіні бар.

13.6. Партияның Саяси кеңесі Төралқасы моральдық көтермелеу атрибуттарының үлгілерін бекітеді.

XIV. ПАРТИЯНЫҢ ЖАРҒЫСЫ МЕН БАҒДАРЛАМАСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

14.1. Партияның Съезінде қарау үшін партияның Жарғысы мен Бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені партияның Саяси кеңесі, не партияның Төрағасы немесе ол съезге қатысушы делегаттардың жалпы санының кемінде 1/3-інің талабымен енгізіледі.

14.2. Партияның съезіне қатынасқан делегаттардың кемінде жартысы жақтап дауыс берсе, Партияның Жарғысы мен Бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

14.3. Партияның Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік тіркеуге жатады

XV. САЙЛАНБАЛЫ ЛАУАЗЫМДАРҒА КАНДИДАТТАРДЫ (КАНДИДАТТАРДЫҢ ТІЗІМІН) ҰСЫНУ ТӘРТІБІ, ОЛАРДЫ КЕРІ ШАҚЫРУ МЕН РОТАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

15.1. Партия сайланбалы лауазымдарға кандидаттар ретінде Партияның мүшелері емес адамдарды ұсынуға құқылы емес.

15.2. Партия мүшелерін Республиканың Президенттігіне, бір мандатты сайлау округтары бойынша Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттар ретінде ұсынуды, бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша кандидаттардың Парламенті Мәжілісіне партия тізімін бекітуді Партияның съезі жүргізеді. Қазақстан Республиканың

Президенттігіне, Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттарды ұсыну туралы шешім Съездің тіркелген делегаттарының жалпы санының дауыстарының көпшілігімен қабылданады.

15.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәслихат депутаттарын қоса алғанда, мемлекеттік билік органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланбалы лауазымдарға кандидаттарды ұсынуды партияның аумақтық ұйымының конференциясы жүзеге асырады.

Кандидаттарды ұсыну туралы шешімдерді партияның аумақтық ұйымының конференциясы мүшелердің (делегаттардың) тиісті отырысына қатысу үшін тіркелген дауыстарының көпшілігімен қабылданады.

15.4. Бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Мәжіліс депутаттығына ұсынылған кандидаттарды кері шақыру мен ротацияның негіздері мыналар:

- кандидатты ұсыну ережелерін бұзуы, Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына сәйкес сайлау комиссиясына қажетті мәліметтерді және (немесе) қажетті құжаттарды ұсынбау не шынайы емес мәліметтерді ұсыну;

- кандидаттың Партияның мүдделеріне қайшы келетін не саяси зиянын тигізетін әрекеттер жасау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

XVI. ПАРТИЯ МЕН ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

16.1. Партияны қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, бөлу, бөлініп шығару, қайта құру) партия Съезінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

16.2. Партия:

- партия съезінің шешімі бойынша;

- соттың шешімі бойынша;

- аймақтардың кемінде жартысының өкілі болып табылатын мүшелерінің кемінде елу бір пайызының ұсынысы бойынша таратылуы мүмкін.

16.3. Партияның құрылымдық бөлімшелері:

- партия съезінің шешімі бойынша;

- соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

16.4. Партия таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жұмыс істейтін тарату комиссиясы тағайындалады.

16.5. Партия таратылған кезде қалған мүлкі мен ақшасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы Жарғының екінші тарауымен айқындалған мақсаттарға бағытталады.

16.6. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тізіліміне тиісті жазу жазылған соң партияны тарату аяқталған, ал партия өз қызметін тоқтатқан болып есептеледі.